



"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 26 қаңтардағы N 34

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда туралы келісімді бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісіне

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан
Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда
туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Заңының жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

1994 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шарттың Дүниежүзілік сауда ұйымының принциптеріне негізделген ережелеріне сәйкес және Қазақстан мен Өзбекстан арасында сауда қатынастарын дамытуға ұмтыла отырып, 1997 жылдың 2 маусымында Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда туралы келісімге қол қ о й ы л д ы .

Бұл Келісімге қол қоюдың мақсаты жекелеген алымдармен бірге бір-біріне еркін сауда режимін жасау және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдетуге қолайлы жағдай туғызу болып

т а б ы л а д ы .

1997 жылдың бірінші жарты жылдығына республикадағы тауар айналымдағы Өзбекстанның үлес салмағы 2,4 % болды және 1996 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10 %-ке қысқарып, 117,3 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде экспорт - 87,9 АҚШ доллары, импорт - 29,3 АҚШ доллары, оң сальдосы - 58,6 АҚШ доллары .

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің және аталған Келісімге Еркін сауда режимінен шегерімдер туралы хаттаманың күшіне енуі өзара сауда-саттықта импорттық баж алуды жояды, екі мемлекеттің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы келісілген шаралары үшін жағдай жасайды.

Қаралып отырған Келісімді орындау Өзбекстанмен сыртқы саудада Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзгеше ережелер орнатуды талап ететінін ескере отырып, "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың, орындаудың және олардың күшін жоюдың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығының 11-бабына сәйкес осы Келісімді бекіту қажет деп есептейміз. Аталған мемлекетішілік рәсімді іске асыру Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3- тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың, орындаудың және күшін жоюдың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығының 10-бабының 2-тармағына сәйкес қаралып отырған

Келісім қағидаларының Қазақстан Республикасы заңдарының алдында басым болуына және олардың тікелей қолданылуына мүмкіндік береді. Бұл Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы еркін сауданың дамуында оң көрініс береді.

Премьер-Министр

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан
Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда
туралы келісімді бекіту туралы

1997 жылғы 2 маусымда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан
Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін сауда туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы
сауда-экономикалық ынтымақтастықты теңдік және өзара тиімділік негізінде дамытуға
ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының қалыптасқан
интеграциялық экономикалық байланыстары мен екі мемлекет экономикаларының
ө з а р а т о л ы ғ у ы н е с к е р е о т ы р ы п ,

біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің еркін қозғалысы өзара келісілген
шараларды жүзеге асыруды талап ететінін мойындай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Тарифтер мен сауда
жөніндегі Бас Келісімнің (ТСБК) және Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ)
принциптерін ұстанатындықтарын растай отырып,
т ө м е н д е г і л е р ж ө н і н д е к е л і с т і :

1 - б а п

Тараптар теңдік, өзара тиімділік және мүдделілік принциптерін басшылыққа ала
отырып, Тараптар мемлекеттеріндегі іс жүзіндегі заң актілерін сақтай отырып, олардың
меншік түрлеріне қарамастан, тікелей шаруашылық байланыстары негізінде
шаруашылық қызмет субъектілері арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды
дамытады және кеңейте түседі.

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа зиян келтіретін іс-әрекеттерден бас
т а р т а д ы .

1. Тараптар бір-біріне еркін сауда тәртібін ұсынады.

Тараптар бір Тарап мемлекетінің кедендік аумағынан шығатын және екінші Тарап мемлекетінің кедендік аумағына арналған тауарлардың экспортын және/немесе импортын кедендік ресімдеулер, сондай-ақ сандық шектеулер үшін қойылатын алымдардан басқа, бара-бар күші бар кедендік баж салығын, салықтарды және алымдарды қолданбайды. Тауарлардың келісілген номенклатурасы бойынша аталған сауда тәртібінен алып тастаулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын
Х а т т а м а м е н р е с і м д е л е д і .

2. Тараптар осы баптың 1-тармағына сәйкес еркін сауда тәртібінен алынып тастаулардың жалпы тізбесін, сондай-ақ осындай алынып тастауларды қолдану тәсілдерін жыл сайын әзірлейді және келіседі.

3. Осы Келісімнің мақсаттары үшін және оның қолданылу кезеңінде Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумағынан шығатын тауарлар деп Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметі Басшылары Кеңесінің Шешімімен бекітілген 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Тауарлар шығатын елді анықтайтын ережелер белгілеген тауарлар т ү с і н і л е д і .

Ә р б і р Т а р а п :

осы Келісімнің қолданысы аясына жататын екінші Тараптың тауарларына ішкі өндірістің ұқсас тауарларына немесе үшінші елдерден шығатын тауарларға салынатын тиісті салықтардан немесе алымдардан асып түсетін ішкі салықтарды немесе алымдарды тікелей немесе жанама түрде салмайтын;

осы Келісімнің қолданысы аясына жататын тауарларды импорттауға немесе экспорттауға қатысты, ұқсас жағдайларда ішкі өндірістің ұқсас тауарларына немесе үшінші елдерден шығатын тауарларға қолданылмайтын қандай да болмасын арнайы шектеулер мен талаптар енгізбейтін;

екінші Тараптың мемлекеті аумағынан шығатын тауарларды жинастыруға, қайта тиеуге, сақтауға, тасымалдауға, сондай-ақ төлемдерге және төлемдерді аударуға қатысты осындай жағдайларда өз тауарларына немесе үшінші елдерден шығатын тауарларға қатысты қолданылатын ережелерге қарағанда басқа ережелерді қ о л д а н б а й т ы н б о л а д ы .

Тараптар өзара саудада екінші Тарапқа қатысты осы Келісімнің шеңберінде

тауарларды экспорттауға және/немесе импорттауға сандық шектеулер енгізетін кемсітушілік шараларын немесе оларға бара-бар шараларды қолданудан бас тартатын б о л а д ы .

Тараптар біржақты тәртіппен сандық немесе басқа арнайы шектеулер, бірақ тек ақылға қонымды деңгейде және қатаң белгілі бір мерзімге қоюы мүмкін.

Бұл шектеулер аса бөлек сипатта болуы тиіс және тек ТСБК/ДСҰ шеңберлеріндегі келісімдермен көзделген жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін.

Осы Бапқа сәйкес шектеулер қолданатын Тарап аталған шектеулерді қолдануды енгізудің негізгі себептері, нысандары мен болжамдары мерзімдері туралы толық ақпаратты мүмкіндігінше алдын ала екінші Тарапқа табыс етуі тиіс, содан кейін консультациялар тағайындалады. Консультациялар барысында қабылданатын шешімдер тиісті құжаттармен ресімделеді.

5 - б а п

Осы Келісім Тараптардың кез-келгеніне өзінің тіршілік мүдделерін қорғау үшін қажет деп есептейтін немесе өзі қатысушы болып табылатын немесе қатысушы болуға ниет еткен халықаралық шарттарды орындау үшін сөзсіз қажет деп санайтын сыртқы экономикалық байланыстар саласында халықаралық тәжірибеде жалпы қабылданған мемлекеттік реттеудің шараларын, егер бұл шаралар:

адамдардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға, жануарлар мен ө с і м д і к т е р д і с а қ т а у ғ а ;

қоғамдық имандылықты және қоғамдық тәртіпті қорғауға, ұлттық қауіпсіздікті қ а м т а м а с ы з е т у ғ е ;

қару-жарақ, оқ-дәрі және әскери техника саудасына; ыдыраушы материалдарды және радиоактивті заттардың көзін жеткізуге, радиоактивті қалдықтарды залалсыздандыруға;

алтын, күміс немесе басқа да бағалары металдар мен асыл тастар саудасына; орны толмас табиғи ресурстарды сақтауға; төлем балансының бұзылуына;

мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде ішкі бағасы әлемдік деңгейден төмен болатын өнімнің экспортын шектеуге;

өндірістік және интеллектуальдық меншікті қорғауға; ұлттық игілік құндылықтарын қорғауға;

соғыс уақытында немесе халықаралық қатынастардағы басқа төтенше жағдайларда қ о л д а н ы л а т ы н ш а р а л а р ғ а ;

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін БҰҰ-ның Жарғысы негізіндегі міндеттерді орындау үшін іс-қимылдарға;

және ТСБК-нің XX-бабында көзделген басқа жағдайларға қатысты болса біржақты

тәртіпте қолдану құқығына кедергі келтірмейді.

Осы бапқа сәйкес шараларды енгізуге ниетті Тарап төтенше сипаттағы жағдайлардан басқа, екінші Тарапқа осындай шараларды қолданудың басталуына дейін алдын ала шектеулерді енгізудің негізгі себептері, нысандары мен болжамды мерзімдері туралы толық ақпаратты беруге тиіс, содан кейін консультациялар тағайындалады.

6 - б а п

Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі барлық есеп айырысулар мен төлемдер тиісті банк аралық келісімдер негізінде жүзеге асырылатын болады.

7 - б а п

Тараптар тұрақты негізді Тараптарға қатысты кеден статистикасын қоса алғанда, сыртқы экономикалық байланыстарды іштей құқықтық реттеу туралы, соның ішінде сауда, инвестиция, салық салу, банк және сақтандыру қызметі және көлік пен кеден мәселелері жөніндегі өзге де қызметтер бойынша ақпаратпен алмасатын болады.

Тараптар осы Келісімнің орындалуына ықпал етуі мүмкін ұлттық заңдардағы өзгерістер туралы бір-біріне дер кезінде хабарлап тұрады.

Уағдаласушы Тараптардың өкілетті органдары бұндай ақпарат алмасудың тәртібін келіседі.

О с ы б а п т ы ң е р е ж е л е р і :

кез келген Тараптың құзыретті органдарын заң бойынша немесе Тараптардың бірінің әдеттегі әкімшілік практика барысында алуға болмайтын ақпаратты беруге міндетті деп түсіну;

қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өндірістік, коммерциялық немесе кәсіби құпияны немесе сауда процесін жария ететін ақпаратты немесе жария етілуі Тараптардың мемлекеттік мүдделеріне қайшы келетін басқа ақпаратты беру болып табылмайды.

8 - б а п

Тараптар олақ іскерлік практиканың осы Келісімнің мақсаттарына сай келмейтінін мойындайды және оның төмендегі әдістеріне:

Тараптар мемлекеттерінің аумағында бәсекелестікке кедергі келтіру немесе шектеу немесе оған жасалған жағдайларды бұзу мақсаттарын қойған кәсіпорындар арасындағы шарттарға, кәсіпорындар бірлестігі қабылдаған шешімдерге және іскерлік практикасының жалпы әдістеріне;

бір немесе бірнеше кәсіпорындардың өздерінің үстемдік жағдайын пайдаланып, Тараптар мемлекеттерінің түгел аумағына немесе едәуір бөлігінде бәсекелестікті шектейтін іс-әрекеттеріне жол бермеуге және жоюға міндеттенеді.

9 - б а п

Статистикалық ақпарат алмасу, кедендік рәсімдерді жүргізу үшін екі жақты экономикалық қарым-қатынастардың тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын жүзеге асыру кезінде Тараптар тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлесімді жүйесіне және Еуропалық экономикалық одақтастықтың құрамды тарифтік-статистикалық номенклатурасына негізделген Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тоғыз таңбалы Тауарлық номенклатурасын (СЭҚ ТН) пайдаланатын болады. Бұл орайда Тараптар өз мұқтаждары үшін қажет болған жағдайда тоғыз таңбадан тыс Тауарлық номенклатураны дамытуды жүзеге асырады.

Тауарлық номенклатураның эталондық нұсқасын енгізу өзара келісілген негізде тиісті халықаралық ұйымдарға өкілдіктер арқылы жүзеге асырылады.

1 0 - б а п

Тараптар транзиттік өту принциптерін сақтау осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізудің аса маңызды шарты және оларды халықаралық еңбек бөлісу мен бірлесу жүйесіне қосу процесінің елеулі буыны екендігіне келіседі.

Осыған байланысты Тараптардың әрқайсысы екінші Тарап мемлекетінің және/немесе үшінші елдің кедендік аумағынан шығатын және екінші Тарап мемлекетінің немесе кез келген үшінші елдің кедендік аумағына арналған тауарлардың өз аумағы арқылы кедергісіз транзитін қамтамасыз етеді және экспорттаушыларға, импорттаушыларға немесе тасымалдаушыларға өзінің экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе тасымалдаушыларына немесе кез келген үшінші мемлекеттің экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе тасымалдаушыларына берілетін сол құралдар мен қызмет көрсетулерден ешкім түспейтін шарттарда барлық қолдағы бар құралдар және қамтамасыз ету үшін қажетті қызмет көрсетулерді беретін болады.

Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша жүктердің өту тәртібі мен шарттары тасымалдаудың Халықаралық ережелеріне сәйкес реттеледі.

1 1 - б а п

Әрбір Тарап осы тауарлар өз аумағынан шығатын екінші Тараптың экспортына қатысты рұқсат етілмеген тауарларды қайта экспорттауға жол бермейді, реттеудің

тарифтік және/немесе тарифтік емес шараларын қолданады және/немесе оларды өз кеден аумағынан әкету кезінде сыртқы экономикалық жеңілдіктер береді. Тараптар рұқсатсыз қайта экспорттауға тыйым салынатын тауарлардың тізбесін белгілейді, сондай-ақ мемлекеттік реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың тізімдерімен а л м а с а д ы .

Бұл тауарларды үшінші бір елге қайта экспорттау, осы тауарлар шығатын елдің-мемлекеттің өкілетті органы айқындайтын жазбаша келісімімен және шарттарымен жүзеге асырылуы мүмкін. Осы ереже сақталмаған жағдайда мүдделі Тарап екінші Тараппен алдын ала консультация алысқаннан кейін бір жақты тәртіпте келісімсіз қайта экспорттауға жол берген екінші Тарап мемлекетінің кедендік аумағына бұндай тауарларды шығаруды реттеу жөнінде шаралар енгізуге құқығы бар.

Қайта экспорттау деп бір Тарап мемлекетінің кедендік аумағынан

шығатын тауарды екінші Тараптың үшінші елге экспорттау мақсатымен өз мемлекетінің кедендік аумағынан тыс жерге шығаруы түсініледі.

12-бап

Үшінші елге қатысты экспорттық бақылаудың келісілген саясатын жүргізу мақсатында Тараптар тұрақты түрде консультациялар өткізетін болады және экспорттық бақылаудың тиімді жүйесін құру үшін өзара келісілген шараларды қабылдайтын болады.

13-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар арасында бұрынырақта жасалған келісімдердің ережелерін соңғыларының алғашқыларына не сәйкес келмейтін, не онымен ұқсас болатын шамасына қарай алмастырады.

1 4 - б а п

Осы Келісімде, егер бұл қатынастар мен міндеттемелер осы Келісімнің мақсаттарымен ережелеріне қайшы келмесе, осы Тарап қатысушы болып табылатын Тараптардың кез келгеніне үшінші елдермен қарым-қатынас орнатуға, қандай да бір халықаралық келісімдерге сәйкес өзіне алған міндеттемелерін орындауға ештеңе де к е д е р г і ж а с а м а й д ы .

Әрбір Тарап өзінің заңдарына және халықаралық міндеттемелеріне

сәйкес екінші Тараптың шаруашылық қызметі субъектілерінің тең құқықтық, соның ішінде құқықтарды соттық қорғау және заңды мүдделерін қорғау құқықтарын береді.

16-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар келіссөздер жүргізу жолымен немесе Тараптарға қолайлы басқа тәсілдермен шешілетін болады.

Тараптар өзара саудадағы шиеленісті жағдайларды жасамауға ұмтылатын болады.

17-бап

Қажет болған жағдайда Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

18-бап

Осы Келісім Тараптардың бұл үшін қажетті мемлекеттік ішкі процедураларды орындағандары туралы соңғы мәлімдеулері күнінен кейін күшіне енеді және Тараптардың біреуі екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтатқысы келетін ниеті туралы жазбаша мәлімдеме жіберген күннен алты ай өткенше күшінде қалады.

Осы Келісім тоқтатылғаннан кейін оның ережелері оның күшінде болған кезеңде Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық субъектілері арасында жасалған, бірақ орындалмаған контрактілеріне бес жылдан аспайтын мерзімге қолданыста болады.

Алматы қаласында 1997 жылғы маусымда екі данада, әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдеріне жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін

1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Еркін
сауда туралы келісімге Еркін сауда тәртібінен алып
тастаулар туралы
ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының өкілетті өкілдері
төмендегі туралы осы Хаттаманы жасады:

1 - б а п

1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан
Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің 2-бабымен
көзделген алып тастаулар;

№ 1 Қосымшаға сәйкес Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына
импортталатын тауарларға;

№ 2 Қосымшаға сәйкес Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына
экспортталатын тауарларға таратылады.

2 - б а п

1. Осы Хаттаманың 1-бабына сәйкес еркін сауда тәртібінен алып тастаулар
таратылатын тауарларға қатысты Тараптар бір-біріне барынша қолайлы жағдай
туғызады. Олар:

осындай салықтар мен алымдарды алудың әдісін қоса алғанда, импорт кезінде (№ 1
Қосымшада көрсетілген тауарларға қатысты) және экспорт кезінде (№ 2 Қосымшада
көрсетілген тауарларға қатысты) алынатын салықтар мен алымдарға;

транзитті кедендік ресімдеуге, тасымалдауға, жинастыруға, қайта тиеуге және осы
сияқты қызмет көрсетулерге қатысты ережелерге;

төлемнің әдістеріне және төлемдердің аударылуына;

импорттық лицензиялар беруге;

ішкі рынокта тауарларды сату, сатып алу, тасымалдау, бөлу және пайдалануға
байланысты ережелерге қатысты.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері:

Тараптардың кез келгенінің Кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құру мақсатымен, не осындай одақ немесе аймақ құру нәтижесінде үшінші елдерге беретін б а с ы м д ы қ т а р ы н а ;

Тараптардың заңдарына сәйкес дамушы елдерге берілетін басымдықтарына; шекара бойындағы сауданы жеңілдету мақсатымен көрші елдерге берілетін б а с ы м д ы қ т а р ы н а ;

арнаулы келісімдерге сәйкес Тараптардың бір-біріне беретін басымдықтарына қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л м а й д ы .

3 - б а п

Тараптар өзара саудада Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтарына экспорт/импорт кезінде тауарларды кедендік ресімдеу кезіндегі қолданыстағы тауарлардың (жұмыс және қызмет түрлерінің) экспорты мен импортын лицензиялау және квоталау туралы олардың заңдарына сәйкес тарифтік емес реттеу шараларын қолдануды с а қ т а й д ы .

Осы Хаттамаға қол қою кезінде:

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 Қаулысымен;

Өзбекстан Республикасында - Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 шілдедегі N 287 Қаулысының 3,4,5,6,8,9-қосымшаларымен және 1996 жылғы 18 маусымдағы N 219 Қаулысының 2-қосымшасымен белгіленген тауарлардың (жұмыс және қызмет түрлерінің) экспорты мен импортын тарифтік емес реттеу саласындағы шектеулер күшінде болады.

1. Осы Хаттама 1997 жылғы _____ маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және аталған Келісіммен бір мезгілде к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Хаттама 1997 жылғы _____ маусымдағы Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің 2-бабымен көзделген жаңа Хаттама жасалатын кезеңге дейін қолданыста болады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 2 маусымда екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманы түсіндіру мақсаттары үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін

1997 жылғы " " маусымдағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Еркін сауда туралы Келісімнің Еркін
сауда тәртібінен алып тастаулар
туралы Хаттамасына
N 1 Қосымша

Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасына
импорттау кезінде оларды еркін сауда тәртібінен
алып тастауға жататын тауарлардың
ТІЗБЕСІ

Тауардың аты

СЭҚ ТН-ның коды

Күріш

1006

Алкогольді және алкогольсіз
ішімдіктер (2201,2202 және 2209-дардан басқа)

22 топ

Темекі және темекіні өндірістік

24 топ

алмастырушылар

1997 жылғы " " маусымдағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан
Республикасының Үкіметі арасындағы
Еркін сауда туралы Келісімнің Еркін
сауда тәртібінен алып тастаулар
туралы Хаттамасына
N 2 Қосымша

Қазақстан Республикасынан Өзбекстан Республикасынан
экспорттау кезінде оларды еркін сауда тәртібінен
алып тастауға жататын тауарлардың
ТІЗБЕСІ

Тауарлардың аты

СЭҚ ТН-ның коды

Табиғи бал	0409
Картоп	0701
Мақталық тұқым (егіс үшін), басқа тұқымдар	120720100 120720900
Мақта линті	140420000
Өсімдік майы	1507, 1512, 1516
Қант	1701, 1702
Майлық дақылдардан жем, ұн және сықпа жем және өсімдік майы тұнбасының басқа қалдықтары (мақталық тұқымдарды қоса алғанда)	2304, 2306, 230990
Күкірт қышқылы	2807
Дәрілік мақта, дәке, бинттер және соған ұқсас (медициналық) бұйымдар	3005
Минералдық немесе химиялық, азот немесе фосфор тыңайтқыштары	3102, 3103
Лактар, сырлар және пигменттер	3203-3210
Тері, иленбеген тері шикізаты	4101-4103, 4104 4106, 4108, 4109
Табиғи және жасанды тері	4301, 4302
Қағаз және қатырма қағаз, қағаз массасынан және қатырма қағаздан жасалған бұйымдар	4801, 4803, 4806, 4809, 4812, 4813, 4816, 4818, 4820
Мақта талшығы және мақта қалдықтары	5201, 5202, 5203
Дәрілік мақсатта, түбір және тоқыма тозаңы, түйіншіктер	560121, 560130
Асыл және жартылай асыл тастар, бағалы металдар	7103, 7104, 7106 7107, 7108, 7109 7110, 7111, 7112
Мыстан жасалған бұйымдар, мыс қалдықтары мен сынықтары	7405-7409, 7413-7419, 7404
Алюминийдің қайта қорытпасы	760120900
Алюминийден жасалған бұйымдар, асхана бұйымдары, асүйлік және өзге бұйымдар (күйге қарсы қабатталған ыдыстардан басқа), алюминий қалдықтары мен сынықтары	7603-7614, 7615, 7616, 7602

Өзге бағалы емес металдар 8104, 8105, 8108,
(магний, кобальт, титан, 8109, 8111, 8112
цирконий, марганец, бериллий, (811291100-811299900-ден басқа)
хром, германий, ванадий)

Түсті металл сынықтары мен 810191900,810291900,810310900,
қалдықтары 810420000,810510900,810600100,
810700100,810810900,810910900,
811000190,811100190,811211000,
811220390,811230100,811240190,
811291390,811300100

Қапталған өткізгіштер 8544
Көркемөнер шығармалары, 9701, 9702, 9703,
коллекция бұйымдары және 9704, 9705, 9706
антиквариат

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан
Республикасы Үкіметінің арасындағы еркін сауда
туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Заңының жобасына
АНЫҚТАМА ПАРАҚ

1. Заң жобасының бастамашысы Қазақстан Республикасының
(органның толық атауы) Үкіметі
2. Заң жобасын дайындау жөніндегі құрылған жоқ
жұмыс тобының құрамы
3. Заң жобасы жөніндегі бас Халықаралық Істер, қорғаныс
комитет және қауіпсіздік жөніндегі
комитет
4. Заң жобасының Қазақстан
Республикасының Парламентінде 29.01.1998 ж.
тіркелген күні
5. Заң жобасы бойынша Қазақстан
Республикасы Парламенті
тұрақты комитеттерінің
қорытындылары
6. Заң жобасы бойынша Қазақстан Әділет министрлігі
Республикасы Үкіметінің,

министрліктердің, ведомстволардың,
басқа мемлекеттік органдар
мен қоғамдық бірлестіктердің
қорытындысы

7. Заң жобасының ғылыми жүргізілген жоқ
сараптамасы
8. Заң жобасы жөнінде баяндама Қазақстан Республикасы
жасау кімге тапсырылды Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі
агенттігінің төрағасы
Қазақстан Республикасының
министрі - Е.Ә.Өтембаевқа
9. Балама жобалардың болуы жоқ
10. Заң жобасының Қазақстан
Республикасының Парламентіне
тапсырылған күні
11. Парламенттің заң жобасын
бірінші оқылымда қараған
күні және оның нәтижелері
12. Жобаны пысықтау және оны
екінші оқылымға әзірлеу
тапсырылған бас комитет
(комиссия) басқа орган
13. Заң жобасын халықтық ұсынылған жоқ
талқылауға ұсыну және оның
мерзімі
14. Комитеттің заң жобасы жөніндегі
қорытындысы (екінші оқылымның
алдында)
15. Заң жобасын Парламенттің екінші
оқылымда қарауы және оның
нәтижесі
16. Заңның күшіне ену уақыты
17. Басқа да белгілер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК